

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университеті**



**Шардара СЭС-і
стратегиялық маңызы бар
НЫСАН**



Шардара су электр станциясы- Сырдария өзеннің орта ағысында орналасқан



1-агрегаты 1965 жылдың мамырында



2-агрегаты желтоқсанда



3-4-агрегаты 1966 жылдың маусымында пайдалануға берілген.





Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шардара су электр станциясы жаңғырту жұмыстарына қарамастан, күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуге дайын. Жарты ғасырға жуық тарихы бар кешендегі ескірген қондырғылар еліміздегі индустрияландыру картасы аясында толықтай жаңасына алмастырылады. Сол кезде өндірістің қуаттылығы 26 пайызға артып, қоймадағы су да босқа ақпайды.

Мұнда қуат өндіретін негізгі төрт қондырғы бар. Қазір тозығы жеткен алғашқы екі агрегатты толықтай бұзып, шығарып алған. 10 метр тереңдіктегі шұңқырларға электр қуатын өндіретін жаңа заманауи генератор қойылған. Қазір оның алғашқысы ғимараттың ішінде жиналып, сынақтан өткізіліпті

Жобаның жалпы құны – 75 миллион еуро. Оған дүние жүзі бойынша электр жабдықтарын шығаруда алдыңғы қатарға шыққан Австрия мен немістің сапалы қондырғылары сатып алынған. Шетелдіктер құрастыру жұмыстарымен қатар жергілікті мамандарды жаңа технологиямен жұмыс істеуге үйретіп жатыр. Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы қолмен ажыратылып қосылатын қондырғылар компьютермен басқарылады.

Шардара су электр станциясындағы жаңғырту жұмыстары 2017 жылы толық аяқталады деп жоспарланып отыр. Сол кезде бұған дейін 100 мВт қуат өндіріп келген станцияның күші тағы 26 пайызға артады.



Көңіл қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!!!

